



КОНКУРС «Астана и Президент»

Бұхарбай Ару,

№ 31 қазақ орта мектебінің 10 сынып оқушысы

Өзін-өзі білген ер бақытты,

Өзін-өзі билеген ел
бақытты.

Қазақстан-әлемдегі ірі мемлекеттердің бірі. Бірнеше жүз жылдай уақыт әлемдік картада Қазақстан деген мемлекеттің бары мен жоғы білінбеді. Себебі, біз ол кезде алдымен Ресей империясының, одан кейін XX ғасырда Кеңес Одағының құрамында болдық. Сондықтан да Қазақстан аумағы картадан КСРО атты алып мемлекеттің құрамындағы бір облыс сияқты орын алды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана дүниежүзілік картада ұлан-ғайыр аумағы бар Қазақстан Республикасы деген мемлекет пайда болды.

Қазақстан-әлемдегі ең үлкен құрлық, Еуразияның дәл ортасында орналасқан. “Қазақстан-Еуразияның кіндігі” деп тегін айтылмаған. Картаға бір қарағанда-ақ еліміздің дүние жүзіндегі ең үлкен аумағы бар мемлекеттердің бірі екенін байқаймыз. Қазақстан жер көлемі жағынан әлемде тоғызыншы орын алады. Ұлыбритания, Франция, Германия, Италия, Испания сияқты Еуропаның дамыған елдерінің жер көлемі Қазақстан аумағына еркін сыйып кетеді. Еліміздің жер көлемі 2 миллион 724,9 мың шаршы шақырым. Бір шаршы шақырым жерге алты адамнан келеді. Қазақстан батысынан шығысына дейін 3000 шақырым, ал солтүстігінен оңтүстігіне дейін 1600 шақырымға созылып жатыр.

Әлемдік карталарда еліміздің ірі өзен, көлдері, алып таулары айқын белгіленген. Тянь-Шань, Алтай, Алатау, Памир таулары елімізді оңтүстік-шығыс жағынан қоршап жатыр. Каспий, Арал және Балқаш сияқты дүние жүзіндегі ірі көлдер картадан анық көрінеді. Осыншама кең өлкесі бар қазақ халқына тағдыр жер асты байлығын да аямапты. Отанымыздың осы байлықтары бүгінде елімізді әлемге әйгілі етіп отыр.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін біз көрші елдермен шекараласымызды нақты бекітуге кірістік. Бұл-біздің жас мемлекетіміз үшін үлкен жетістік.

Қазақ халқы өзінің көп ғасырлық тарихында небір қиын-қыстау кезеңдерді басынан өткерді. Кезінде жоңғар шапқыншылығы, Ресейдің қазақ жерін бағындыруы және отарлауы барысында қазақ халқы

қаншама боздақтарынан айырылды.Орны толмас шығынға ұшырады.Кеңес заманында ұжымдастыру, индустрияландыру саясаты қазақ халқының екіден бірін қырып жіберді.Ел саны аштықтан,репрессиялардан азайып кетті.Сонымен бірге ХІХ ғасырдың басынан Ресейдің ішкі өлкелерінен қазақ жеріне орыстардың қоныс аударуы жүзеге асырылды.Қазақтың құнарлы жерлері келімсектерге тартып алынып берілді.Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде және тың игеру жолдары Қазақстанға қаншама ұлт өкілдері қоныс аударды. Қазақстандағы халықтың құрамы күрт өзгерді, Қазақстан көп этносты мемлекетке айналды.

Ұжымдастыру жылдары қуғынға ұшыраған қазақтар шет елдерге қоныс аударып,сонда мекен етіп қалды. Ал керісінше индустрияландыру,тың игеру жылдары келген басқа ұлт өкілдері үшін Қазақстан екінші Отанына айналып,осында тұрақтап қалды. 1937 жылы Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Қиыр Шығыстан 96 мың кәріс отбасымен көшіріліп әкелінді. Сонымен қатар 1940-1941 жылдары батыс шекарадан 105 мың поляк Қазақстанға күшпен жер аударылғаны белгілі. Ұлы Отан соғысы басталысымен Еділ өзені бойын мекендейтін 1 миллионнан аса неміс шығысқа көшірілді. Олардаң ішінде 400 мыңы Қазақстанға келді. 1943-1944 жылдары мыңдаған қалмақтар, қарашайлар Қазақстанға жер аударды.1954-1965 жылдары азық-түлік проблемасын шешу мақсатында тың және тыңайған жерлерді игеру найқаны жүргізілді. Осы жылдары көптеген ұлттар, оның ішінде орыс, украин халықтарының өкілдері тың игеру деген желеумен Қазақстанға келіп,осында қалып қойды.

1994 жылғы 6 шілдеде ХІІІ шақырылған Жоғары Кеңестің тиісті қаулысы қабылданды. 1995 жылы Ассамблея І сессияға республика Президентінің өкілеттілігін 2000 жылдың 1 желтоқсанына дейін ұзарту туралы республикалық референдум өткізуді ұсынды. 1997 жылғы 27 қазанда Президент Жарлығымен Ақмола қаласы Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланды.Астананы көшіру өте қысқа мерзімде жүзеге асырылды.1998 жылғы 10 маусымда еліміздің жаңа әкімшілік орталығының тұсаукесер тойы өткізілді. Бұрынғы Ақмола 1998 жылдың 6 мамырынан бастап Астана қаласы атанды. 2004 жылғы 24 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің Астанадағы жаңа резиденциясының ресми ашылуы.

Міне, биыл еліміздің астанасы Астана қаласына 11 жыл.Астананың бірталай көркейіп,гүлденуіне де себепші болған.Қазіргі уақытта Астана қаласы-Қазақстанның саяси жіне мәдени орталығы.Астана-ел мақтанышы. Астана қаласын өркендетіп,гүлдендіру мақсатында арнайы “Жаңа астана” қоры құрылды. Мұнда құрылыс жүргізетін инвесторларға салықтық жеңілдіктер берілді.Қалада мемлекеттік әкімшілік орталықтары, мемлекеттік әкімшілік қызметкерлеріне арналған баспаналар,сауда т.б. құрылыс ғимараттары бой көтеруде. Астана өзінің сұлулығы әрі көріктігімен еліміздің мақтанышына айналды.

[Введите текст]

“Қазақстан-2030”-дамыту стратегиясында Н.Назарбаев өз елінің бірліктілігін, бейбітшілікті, елінің кең пейілділігін, мейірбандығын, білімінің терің болуын,азаматтығын, қайырымдылығын талап етеді.

Мемлекеттің бұрынғы бірінші басшыларының түсіне де кірмеген осыншама табысқа қол жеткізіп отырған Н.Назарбаев ең биік өкімет тұғырындағы бақытты адам. Біз бақытты адам деп есептейміз.Өз халқының қамын ойлап,тыным таппайтын адам ретінде ол қазақстандықтар бұдан әлдеқайда жақсы өмір сүруі керек деп есептейді.Олардың тұрмыстарын жақсартуға байланысты шаралар жоспарлы түрде жүргізіліп отырғанымен,бұдан да өркенді күндердің көп кешікпей туатынына сенімді. Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев адамдар ешқандай қауіп-қатерсіз, мейлінше жайлы жағдайда өмір сүретін дүниежүзілік қауымдастыққа лайық ХХІ ғасырдың өркен жайған мемлекетін қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлар жасауға біржолата бел буған.